

ӘОЖ 81'367: 81'42

ҒТАХР 16.21.43

<https://doi.org/10.48371/PHLS.2026.2.81.008>

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘРЕКЕТТІҢ АЯҚТАЛУ АСПЕКТУАЛДІЛІГІ КАТЕГОРИЯСЫН КОГНИТИВТІ-ДИСКУРСТЫҚ ТАЛДАУ

* Ерназарова З. Ш.¹, Ерназарова Г. Ш.²

¹Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі әрекеттің аяқталуын білдіретін -ып таста / -ып қал / -ып сал / -ып біт аналитикалық форманттарының қызметі когнитивті-дискурстық тұрғыда талданады. Әрекеттің аяқталу аспектуалділік категориясы сөйлеушінің таным әрекетімен, коммуникативтік жағдаятпен және сол жағдаяттың дискурстағы тілдік көрінісімен жүйелі байланыста жүзеге асатын күрделі концепт ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – әрекеттің аяқталу аспектуалділігі концептісін жеткізетін аналитикалық форманттардың семантикалық ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу міндеттеріне қазақ тіліндегі аспектуалділік категориясын сипаттайтын ғылыми теорияларды талдау; әрекеттің аяқталуы аспектуалділігін бейнелейтін аналитикалық форманттардың семантикалық айырмашылықтарын когнитивті-дискурстық талдау негізінде жіктеу енеді.

Зерттеуде фреймдік-семантикалық, дискурстық талдау, сипаттау, компонентті талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің ғылыми-практикалық маңызы қазақ тіл білімінде когнитивті грамматиканы дамытудан, қазақ тілін оқытудың лингводидактикасын жаңа тілдік мәліметтермен толықтыруынан көрінеді. Аналитикалық форманттар қызметі синтаксистік тұтастықта алынып, әрекеттің аяқталу аспектуалділігі концептуалды құрылымы субъект, әрекет, уақыт, орын, себеп, психологиялық қалып, мақсат және оқиға динамикасы сынды фреймдерге жіктелді. Әр аналитикалық форманттың тілдік қолданысына фреймдік-семантикалық, дискурстық талдау жасалды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары: әрекеттің аяқталу аспектуалділігінің әртүрлі сипатын анықтайтын фактор – дискурс екені нақтыланды. Зерттеу нәтижесі оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, субъектінің эмоциялық-психологиялық күйі, оның бағалауы, оқиғаның даму қарқыны формант түрін, оның мағыналық ерекшелігін сипаттайтын маңызды факторлар екенін айқындады. Әрекеттің аяқталу, үзілу, кенет жүзеге асу немесе әрекеттің толық бітпеуі тәрізді аспектуалді реңктердің семантикалық құрылымына фреймдік талдау жасалды.

Зерттеу құндылығы: когнитивті-дискурстық талдау қазақ тіліндегі

әрекеттің аяқталу аспектуалділігінің күрделі концептуалдық табиғатын, оның дискурстық және когнитивтік негіздерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы қазақ тіл білімінде аспектуалділік категориясы туралы қалыптасқан түсінікті функционалды-семантикалық, когнитивті-прагматикалық тұрғыдан кеңейтеді. Когнитивті-дискурстық талдау әдісін қолдану тәжірибесі қазақ тіл білімінің теориялық әдіснамасын байытады.

Тірек сөздер: әрекеттің аяқталу аспектуалділігі, когнитивті-дискурстық талдау, аналитикалық формант, фреймдік-семантикалық талдау, үдетпелік фреймі, нәтиже фреймі, себеп фреймі, мотивация фреймі

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде етістіктің семантикалық аспектілерін терең зерттеу – тілдің құрылымдық, функционалдық және когнитивтік ерекшеліктерін танудағы маңызды бағыттардың бірі. Солардың ішінде аспектуалділік категориясы ерекше орын алады. Бұл категория әрекет пен қимылдың өту сипатын, басталуын, дамуын және аяқталуын бейнелеп, сөйлеушінің уақыт пен іс-әрекетке қатысты көзқарасын айқындайды.

Аспектуалділік мәселесі түркологияда өзінің күрделі табиғатымен өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері ғалымдардың назарында болып келеді. Л.С.Дүйсембекова аспектуалділік категориясын зерттеумен байланысты түркологияда екі түрлі бағыттың қалыптасқанын жазады: аспектуалділік «сыпат» (орыс тіл білімінде вид категориясы) категориясының баламасы деген бағыт пен түркі тілдеріне ерекше аспектуалділік категориясы тән деген көзқарас [1,15-17 бб.].

1956 жылы өткен үйлестіруші мәжілісте Б.А.Серебренников түркі тілдеріндегі аспектуалділік категориясының әрекеттің аяқталуын ғана емес, созылыңқы, дамушы сипатын жеткізетін күрделі семантикаға ие категория екені, оның орыс тіліндегі көрініс/сыпат категориясынан ерекшелігін ғылыми түрде дәлелдеп шығады [2, 46-48 бб.]. Орыс тілінде аспектуалділік етістіктің морфологиялық құрамының өзгеруімен жасалса, ал түркі тілдерінде аспектуалділік етістіктің аналитикалық форманттары арқылы жасалады.

Аспектуалділік категориясы қазақ тіл білімінде қимылдың өту сипаты категориясы деп аталды. Қимылдың өту сипаты Ы.Маманов, Н.Оралбаева, З.Қ.Ахметжанова, М.Жолшаева еңбектерінде терең қарастырылды. Ы.Маманов күрделі етістік құрамындағы көмекші етістіктердің қызметі әрекеттің уақытта өтуін сипаттайды деп көрсетіп, әрекетті басталуы, созылуы, аяқталуы деп үш фазаға бөледі Ғалым аналитикалық форманттардың уақытпен қоса субъектінің көңіл-күйі, сезімін жеткізетініне назар аударып, «қимылдың өту сипаты категориясы күрделі семантикалық деңгейлерден тұрады» деген қорытынды жасайды [3, 205-228 бб.].

Н.Оралбаева аналитикалық форманттардың әрекеттің 12 түрлі өту сипатын жеткізетінін анықтады [4]. З.Қ.Ахметжанова аспектуалділік категориясын уақытпен байланысты үш кезеңге бөледі: әрекеттің басталуы, жалғасуы, аяқталуы. Ғалым аналитикалық форманттардың екі түрлі мағынаны, аспектуалділік пен модальдікті, қабаттастырып беретін көпфункционалды қызметін талдайды [5, 44 б]. Аспектуалділіктің семантикалық құрылымын үдетпелік, нәтижелік, қарқындылық компоненттеріне ажыратады. М.Жолшаева қимылдың өту сипатын жеке функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырып, оның шақ категориясымен, әрекет иесінің көзқарасы, эмоциясымен жеткізетін субъективті модальдікпен байланысын зерттеді [6]. Ғалым аспектуалділікті тек құрылымдық грамматика тұрғысынан емес, коммуникативтік-функционалды аспектіде қарастырып, аспектуалділік туралы теориялық ақпаратты кеңейтті [7, 44 б].

Қазақ тіл біліміндегі қимылдың өту сипатын зерттеген еңбектерге жасалған шолу зерттеушілердің аспектуалділік категориясының үдетпелік (жылдам, созылық, қарқынды, нәтижелі), уақыттық шектеулік (басталуы, дамуы, аяқталуы), субъективті модальділік компоненттерінен тұратын күрделі семантикалық құрылымға ие категория ретінде қарастырылғанын анықтады. Алайда құрылымдық грамматика аналитикалық форманттардың танымдық-функционалды тұрғыдан табиғатын толық аша алмады. Айталық, әрекеттің аяқталу аспектісін жеткізетін -ып таста/қал/ал/біт/сал аналитикалық форманттарының семантикалық айырмашылықтарын не анықтайды, мағыналық айырмашылықтарды не қалыптастырады деген сұраққа жауап беру қиындық туғызды. Аталған мәселенің айқындалуы қолданбалы лингвистикада, қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде өте маңызды.

Жалпы тіл білімінде Б.Комридің аспектуалділікке арналған еңбегі аса құнды. Б. Комри аспектуалділікті универсалды категория ретінде қарастырып, әртүрлі тілдердегі қимылдың өту сипатын салыстырмалы әдіспен талдайды. Соның нәтижесінде аспектуалділік категориясының басты белгісі ретінде «бір жағдайдың ішкі уақыттық құрылымын әртүрлі қырынан көрсету тәсілдерін», яғни уақыт бойындағы әрекеттің өту сипатын бейнелеуді атайды. Ғалым шақ категориясы нақты сөйлеу жағдаятымен не нақты бір оқиғамен байланысты әрекеттің орын алуын сыртқы уақыт тұрғысынан жеткізсе, ал аспект категориясы «ішкі уақыт» бойында әрекеттің өтуін бейнелейді деп қорытындылайды [8]. Ішкі уақыттағы әрекеттің өту сипатын анықтау, бағалау адамның таным үдерісімен, оның шындық болмысты құрылымдайтын, бағалайтын концептуализациялау және категоризациялау үдерістерімен тікелей байланысты.

Грамматикалық категория мағыналарының адам танымымен, оның болмысты қабылдау профилімен байланысын Дж. Лэнекер де

дәлелдейді. Оның ойынша, грамматика тек формалардың жүйесі ғана емес, концептуализацияның (ой-тұжырымдаудың, когнитивтік интерпретацияның) символдық көрінісі. Грамматикалық мағына адамның тәжірибені түсіну әдісіне байланысты [9, 27 б]. Аспектуалділік категориясын дискурстық деңгейде зерттеген К.Гризо мәтінде оқиғалар арасындағы уақыттық қатынасты тыңдаушыға ажыратуға көмектесетін аспектуалділік категориясының (грамматикалық және лексикалық бірліктер) қызметін дискурстық деңгейде талдайды [10, 122б].

Аспектуалділік категориясы тілді оқытумен байланысты үнемі зерттеу нысаны болды. Ағылшын тіліндегі аспектуалділіктің семантикасын меңгертудің лингводидактикалық негіздерін, әдістерін А.Алмакроб жән т.б. авторлар сандық негізде талдайды. Яғни аспектуалділік категориясы тілдерді оқытуда семантикалық талдауды, ұсыну әдістерін мақсатты зерттеуді керек етеді [11].

Тіл білімінің қазіргі когнитивті-коммуникативті даму бағытын зерттеушілер Е. С. Кубрякова [12], Н. Н. Болдырев [13] грамматикалық категорияларды адамның таным әрекетімен және коммуникациямен байланыстыра қарастырады. Өйткені когнитивті лингвистикада кез келген тілдік бірлік пен грамматикалық категория екі қызметті жүзеге асырады: таным әрекеті және қарым-қатынас құралы қызметі. Когнитивті лингвистика грамматикалық категорияларды адам танымының нәтижесі әрі құралы ретінде концепт деңгейінде қарастырады.

Аспектуалділіктің табиғаты күрделі: ол тек грамматикалық деңгейде емес, сонымен бірге когнитивтік-дискурстық тұрғыдан да қарастыруды қажет етеді. Себебі сөйлеуші қимылды шынайы өмірде көрінген қалпында сипаттамайды, өз тәжірибесі мен дүниетаным мәдениетіне сүйене отырып интерпретациялайды. Шынайы болмысты танитын жеке тұлға болғандықтан, аспектуалділік категориясын зерттеуді антропозектік қағидасына негізделетін когнитивтік лингвистика, коммуникативті-прагматикалық лингвистика парадигмасында фреймдік-семантикалық, дискурстық талдау әдістеріне құру маңызды. Аспектуалділікті когнитивті-концептуалды құбылыс ретінде қарастыру грамматикалық категориялардың қызметін интегративті (когнитивті-дискурстық, прагматикалық) тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді; әр тілдегі аспектуалділік категориясының функционалды-семантикалық табиғатын ұлттық-мәдени дүниетаныммен байланысты түсіндіруге жол ашады; тілді оқыту үдерісінде аспектуалді мағыналардың айырмашылығын когнитивті-дискурстық аспектіде түсіндірудің әдістерін қалыптастырады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу материалдары Алматы қазақ тілі корпусынан төмендегі критерийлер бойынша іріктелді. Атап айтқанда дискурстық әртүрлілік

критерийі, функционалды стильдерді қамту критерийі, мәнмәтінді тұтас беру критерийі, тілдік қолданыстардың әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі семантикасына жауап беруі критерийі, тілдік бірліктердің табиғи қолданысы (аударма мәтіндер емес) критерийі басшылыққа алынды. Функционалды стиль түрлері аспектуалділіктің әртүрлі дискурстық қолданысын талдауға мүмкіндік береді. Алматы қазақ тілі корпусында тілдік қолданыстар жеке сөйлем емес, мәтін деңгейінде ұсынылады. Бұл аспектуалділік категориясының қолданысын мәнмәтіндік деңгейде талдауға көмектеседі.

Зерттеу жұмысы барысында өзара байланысты бірнеше әдістер: сипаттау әдісі, фреймдік-семантикалық талдау әдісі, дискурстық талдау әдісі қолданылды. Тілдік бірліктердің аспектуалділікті қалыптастырушы қызметтерін анықтау және жүйелеу мақсатында сипаттамалық әдіс қолданылды.

Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігін концепт ретінде танып, білім қоры ретінде қалыптастырушы компоненттерін талдау, құрылымдау үшін фреймдік-семантикалық әдіс қолданылды. Осы әдіс негізінде аспектуалділікке қатысты фреймдер жіктелді, семантикалық құрылымы анықталды. Әрекеттің аяқталу кезеңінің ішкі семантикалық құрылымы қарқындылық, үдетпелік, қайталау, бағалау және субъектінің (бақылаушы, орындаушы) эмоциясы мен көзқарасы фреймдері тұрғысынан талданды.

Нақты коммуникация барысындағы аспектуалділіктің қызметін анықтау үшін дискурстық талдау әдісі қолданылды. Зерттеу мәнмәтін түрінде сипатталған дискурста қолданысқа түскен тілдік материалдарға негізделді. Бұл әдіс аспектуалділік категориясын қалыптасуындағы дискурстың тілдік және прагматикалық компоненттерінің қызметін анықтады.

Аспектуалділік категориясының мазмұнын когнитивті лингвистиканың концепт, фрейм, фреймдік семантика теориялары негізінде талдау оны қалыптастырушы таным әрекетінің жүзеге асу механизмін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Когнитивті лингвистиканың тірек ұғымы «концепт» туралы зерттеулер өте көп, сондай-ақ концептке берілетін анықтамалар да сан алуан.

Мақалада Е. С. Кубрякованың ««концепт — адам танымында бар идея, мағына; ол ойлау үдерісін дамытады, дербес құрылым болып табылады және өзгелерден шекарасы айқындалған мәнге ие» деген тұжырымына сүйене отырып, аспектуалділік категориясы концептуалды құрылымға ие дербес концепт ретінде қарастырылады. Ол өз ішінде әрекеттің басталуын, дамуын, аяқталуын білдіретін кіші концептілерге жіктеледі деген ұстаным басшылыққа алынады [12, 305 б].

Зерттеу жұмысында әрекеттің аяқталу фазасы аспектуалділігі концептісіне дискурстық, фреймдік-семантикалық талдау жасалады. Ч.Филлмордың фреймдік семантика теориясы тілдің семантикалық аспектісі мен таным әрекетінің үдерістері арасындағы байланысты зерттейтін әдіс

болып табылады [14]. Фреймдік-семантикалық талдау тілдік мәннің адамның таным тәжірибесіне тәуелділігін, байланысын анықтайды.

Қазақ тіліндегі етістіктің көпфункционалды грамматикалық категориялары (есімше, тұйық етістік, көсемше), өткен шақ пен етіс категорияларын, «деп» көмекші сөзді құрылымдарды когнитивті аспектіде талдауға арналған зерттеулерімізде фреймдік-семантикалық талдау әдісі қолданылды. Аталған әдіс етістіктің коммуникациядағы қолданысын құрылымдық грамматика деңгейінде қарамай, функционалды-семантикалық аспектіде таным әрекетімен байланыстырып талдауға көмектесті. Зерттеу етістік категориялары семантикасының таным модельдерін, концептуалдық құрылымдарды және сөйлеушінің шынайы болмысты қабылдау ерекшеліктерін жинақтайтын күрделі мазмұнға ие екені анықтады [15].

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында дискурс деп объективті сыртқы факторлардың ықпалымен тілдік бірліктердің белгілі бір формалды-мағыналық құрылымға ұйымдасып, таным құралы қызметін жүзеге асыратын шынайы өмір кесіндісі алынды. Дискурс құраушы компоненттерге субъект, оның әрекетпен байланысы (орындаушы, қатысушы, бақылаушы), процесс, оның сипаты (қалып, процесс, әрекет, нәтиже, үдетпелік), әрекетті тудырған себептер, қозғаушы мотивациялар, әрекеттің мақсатқа бағытталуы, әрекет нысаны, құралы және т.б. шарттар жатады.

Аспектуалділік категориясын когнитивті-дискурстық бағытта зерттеу адамның таным әрекеті мен тілдік бірліктердің қолданысы арасындағы байланысты анықтауға, аналитикалық форманттардың шындық болмысты бейнелеуші қызметін семантикалық аспектіде талдауға көмектеседі.

Нәтижелер мен талқылау

Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі концептісі адам танымында төмендегі аналитикалық форманттар арқылы берілетін концептуалды құрылымға ие. Олар: 1) -ып тастау форманты: қимылдың толық аяқталғанын, нәтижелігін білдіреді (жазып тастады, сындырып тастады); 2) -ып қою: әрекеттің аяқталуына сөйлеуші-субъектінің берген бағасын жеткізеді. Әрекет сөйлеуші күтпеген бағытта дамиды (айтып қойды, жазып қойды); 3) -ып алу: әрекеттің шектеулі уақыт ішінде тез орындалғанын білдіреді (оқып алды, біліп алды); 4) -ып қалу: әрекеттің аяқталуы бақылаушы-субъектінің берген бағасымен күрделенеді (құлап қалды, байқамай айтып қалды); 5) -ып біту: әрекеттің нәтижемен аяқталғанын; 6) -ып сал әрекеттің тосыннан аяқталғанын білдіреді. Әрекеттің аяқталуы аспектісінің бірін-бірі қайталамайтын 6 түрлі аналитикалық формантпен берілуі адамның таным әрекетінің шындық болмысты жеке категорияларға құрылымдап тануымен, қабылдауымен байланысты болуы мүмкін деген болжамды дәлелдеуге көшейік.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттің аяқталуы аспектуалділігін жеткізетін

етістіктің аналитикалық форманттарының қызметін когнитивті-дискурстық талдауға көшеміз.

-ып қал аналитикалық форманты

З.Қ.Ахметжанова -ып қал формантына қатысты «әрекеттің аяқталғанын, нәтижесін білдіреді. Алайда шекті нәтижесін емес» деген қорытынды жасайды да, қал етістігінің шақтық сипатына қарай (-п қалады) оның қайталамалы әрекетті білдіретінін айтады [5; 66-6]. Ғалым пікіріндегі «шекте нәтиже емес» деген тұжырымға назар аударайық. Яғни әрекет өзінің табиғи дамуымен емес, сыртқы факторлардың ықпалымен аяқталуы мүмкін. Алматы қазақ тілі корпусында *-ып қал* аналитикалық форманты 2090 тілдік материал кездесті. Тілдік бірліктер контексте алынды. Бұл дискурс компоненттерін талдауға көмектеседі.

1) *Жұрт тегіс тым-тырыс боп, тыныштала қалды.*

- Иә, онда былай болсын, қыздар, - деді Майра. - Ербол ағайдың Абай өлеңдеріне түсінік жасауы біздің ешқайсысымыздың ойымызға келмеген үлкен жұмыс. (Ә.Нұршайықов)

Сөйлем мазмұнын фреймдік-семантикалық талдау: 1) субъект фреймі: жұрт; 2) әрекет фреймі: аяқталуға (тоқтауға) ауысатын, үдетпелі дамиды процесс; 3) себеп фреймі: ойымызға келмеген жұмыс; 4) орын фреймі: тегіс, тым-тырыс; 5) уақыт фреймі: шектеулі.

Етістік+ып қал аналитикалық форманты сөйлеу жағдаятында әрекеттің кенеттен шектеулі уақытта аяқталуын сипаттайды. Сөйлеу жағдаятында субъектінің әрекетін аяқтауға итерген фактор бар. Бақылаушы үшін тың, жаңа ақпарат берілді. Әрекет иесінің эмоционалды қалпы өзгерді. Ол таңданысын жасыра алмады. Сондықтан әрекет еріксіз тоқтады. Сөйлем мазмұнында әрекетті тудырған себеп қамтылған.

2) *Бұрындықтың бұнысы Әбілқайырқызы Гүлбаһрам-патшайымның інілері Мұхамед-Шайбани мен Махмуд-Сұлтан үшін кек қайтарған болмысы.*

Қасым енді көзін оңға қарай бұрып еді, жүз мың сандық ауынан қорқып

көрмеген жүрегі дір ете қалды. Хан сарайының дәл алдына әкеп орнатылған

дарының астында мойынына қыл арқанның ілмешек ұшы салынған, батыр

Саянның аузынан түскендей айнымаған, ер жетіп қалған баласы Аян тұр (І.Есенберлин).

Фреймдік-семантикалық талдау: 1) орын фреймі: хан сарайы, дар асты; 2) әрекет фреймі: дір ет; 3) себеп фреймі: дар астында ер жетіп қалған баласы тұр; 4) субъект фреймі: Қасым, хан; 5) уақыт фреймі: жылдам аяқталу- дір ете қалды

-ып қал аналитикалық форманты субъектінің ішкі көңіл-күйімен

байланысты әрекеттің аяқталуын жеткізеді. Оған сыртқы факторлар себеп болады. Субъект шарасыз, сыртқы күштің ықпалымен әрекетін тоқтатады. Бұл аталған аналитикалық форманттың негізгі компонентін құрайтын етістіктердің лексика-семантикалық топтарынан да көрінеді. Олар көңіл-күй, қалып, қозғалыс етістіктері. Кенеттік, уақыттың шектеулігі концептісінің когнитивті құрылымы сөйлеу жағдаяты (орын, қатысушылар, мақсат, әрекет), оны қалыптастырған сыртқы факторлар, олардың қалпы мен реакциясы семантикалық фреймдерінен құралады. -ып қал аналитикалық форманты қызметін лексикалық көмекші құралдар толықтырып, әрекеттің өту сипатына үдетпелі реңк береді. Сөйлем семантикасында әрекеттің өту уақытын шектейтін тілдік бірліктер қамтылады. Сөйлем құрылымында жылдам семантикасына ие *қалт, дереу, қанелімде, бір мезет* қимылдың өту сипаты үстеулерінің қолданылуы, әрекеттің жылдам өтуі қозғалысты, жылдамдықты білдіретін жеке лексемалар арқылы бейнеленеді.

-ып қал аналитикалық форманты сөйлеу жағдаятында қалыптасқан бір-біріне қарама-қарсы процестер арасындағы қарама-қайшылықты, субъектінің ішкі дүниесіндегі қарсылықты бейнелейді.

3) *Үш сағат өтті – әлі жоқ. Зал босап қалды, Исабеков әлі күтін отыр,*

қыз әлі жоқ. Ақыры келмеді (Ш.Айтматов).

Контекстуалды қарама-қарсы мағынаны *босап қалды* аналитикалық форманты үдетпелі түрде күшейтіп тұр. Процестің аяқталуы сыртқы әртүрлі факторларға тәуелді.

-ып қал аналитикалық форманты әрекеттің аяқталуын 1) белгілі бір шектеулі уақытпен; 2) әрекетті аяқтаушы себептермен; 3) сөйлеу жағдаятында орын алған құбылыстар арасындағы қарама-қарсылықпен; 4) әрекет иесі субъектінің психологиялық қалпымен; 5) ақпаратты жеткізуші субъектінің жеке бағасын берумен байланысты сипаттауы мүмкін. Аналитикалық формант құраушы қал көмекші етістігі негізгі етістікке шапшаңдық, шалт қозғалу мағынасын үстейді.

М.Жолшаеваның пікірінше, аспектуалділіктің мағына реңктері сөйлеу мақсатына және негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесіміне қарай қалыптасады. Көмекші етістіктер өз лексикалық мағынасынан толық айырылмайды. Ол негізгі етістіктің лексикалық мағынасына қосымша реңк үстеуінен көрінеді [7, 33 б]. Тілдік материалдарға жасалған талдау негізгі етістік қызметінде сөйлеу, сезім, ойлау, қозғалыс етістіктерінің қолданылатынын, әрекеттің өтуіне үдетпелі мәнді *де* шылауы, *қалт, дереу, қанелімде, бір мезет, кенет* тілдік бірліктері үстейтінін байқатты.

-ып таста аналитикалық форманты

Алматы қазақ тілң корпусынан -ып таста аналитикалық формантының 240 тілдік қолданысы теріліп, сөйлем құрылымына фреймдік-семантикалық талдау жасалды. Талдау нәтижесі негізгі етістік қызметінде әрекет етістіктері

қолданылатынын анықтады. Негізгі етістіктерге жылдам нәтижеге жету, аяқталу мағынасы тән.

«Таста» етістігінің мағыналық құрылымында жылдамдық, шалт қозғалу және қарсылық білдіру семаларын ажыратуға болады. Әрекет жылдам орындалады. Жылдамдық әрекет иесінің ішкі қарсылығымен күрделенеді. Когнитивті-дискурстық талдауда әрекеттің жылдам және күшпен өтуін жеткізетін лексикалық және грамматикалық бірліктер анықталды.

4) *Мұсылманның баласын кәпірдің нетуіне қиып, Құрбан қажы да оңбас. Өзі де бала ұстап отырған адам, құдай жүзін көре ме? — деп, ақ сақалды, қасқыр көзді кісі оны тежеп тастады (Ж.Аймауытов).*

Фреймдік-семантикалық талдау: 1) субъект фреймі: бақылаушы, әрекет иесі –кісі; 2) әрекет фреймі: тежеп тастады; 3) уақыт фреймі : жылдам (нәтижелі); 4) себеп фреймі: өзі де бала ұстап отырған адам (аргумент ұлттық таным түсінікке құрылды).

5) *Шешініп қараса, оқ жылжып жара тыртығының аузына келінті. Жолдасына пышақпен тілдіріп отырып, жау белгісін алдырып тастады Артынан жарасы көпке дейін бір ашылып, бір бітіп, көп әуреледі (М.Әуезов).*

Фреймдік-семантикалық талдау: 1) субъект: бақылаушы, әрекет иесі - ол (3-жақта); 2) әрекет-алдыру; 3) өту сипаты: тілдіріп отырып (алдырып тастады); 4) себеп: оқ, жау белгісі; 5) уақыт:жылдам (нәтижелі).

-ып таста аналитикалық формантының қызметін талдау төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1) -ып таста аналитикалық форманты сабақты етістіктерге тіркеседі. Зерттеудің тілдік материалдарында төмендегі етістіктер кездесті: *түкір, апар, жина, жұл, жылжыт, ал, лақтыр, кер, сыз, қайтар, қама, сілкі, бас, аудар, жой, құр, ұйықтат, шығар, теже, тый, тұншықтыр, шекте, көтер, байла, сұрт, шұлғы, жеңілдет, итер,көз таста, жай, тартып, зекір, жайландыр.* Ал қозғалыс етістіктерімен тіркеспейді (*бар, жүгір, кел, кет, шап* т.б.). Өйткені таста етістігінің семантикалық құрылымында объект семасы ,шектеу, аяқтау семасы бар;

2) -ып таста аналитикалық форманты шынайы өмірдегі оқиғаның дамуын жеткізеді. Оқиғаның өту сипатын, уақыт шегінде аяқталу сипатын анықтайтын — көмекші тілдік бірліктер бар.Олар: қайта-қайта, қатты,тез, қиын-қыстау кезеңде.

-ып/а сал аналитикалық форманты

-ып/а сал аналитикалық форманты әрекеттің, қимылдың жылдам, күтпеген жерден жүзеге асуын, субъектінің әрекетке көзқарасын анық бейнелейді

б) *Жадында көп нәрселерді жатқа ұстап қалған адам реті келіп қалған соң, Еснейге сол жаттамаларының бірін айта салды. – Уа, екеуіңнің басыңа да алтын ноқталарың жарасып тұр. Біреуің*

Артықбай батырдың қызы, біреуің Шақшақ бидің қызы болсаң, Сибанның маңдайына

құдайдың өзі бере салғаны да, қолдарыңды қақпасыз. Тізгінін тастай салды да, Хақназарға қарсы жүрді. (І.Есенберлин)

Фреймдік -семантикалық талдау: 1) орын фреймі: кездесу ;2) әрекет фреймі: (күтпеген әрекет фреймі): айта салды; 3) себеп фреймі: жатқа ұстап қалған адам, реті келген соң 4) субъект фреймі:адам; 6) уақыт фреймі:шапшаң өту (айта салды).

7) Ағымнан жарылсам, осы «суық хабарды » естіген соң көңілім жүдеп,

жұмысқа бармай қалдым. Екі құлағым шыңылдап, басым айналып, көзім қарауытқандай болған соң, дәрігерге бардым: «Жүйкең жұқарған, бір нәрсені

қатты уайымдағансыз, дем алу керек» деп шығарып салды (Ә.Нұршайықов)

Фреймдік -семантикалық талдау: 1) орын фреймі:нақты берілмейді, бірақ дәрігерге бару әрекеттің қайда орын алғанынан хабар береді; 2) әрекет фреймі: дәрігерге бару; 3) себеп фреймі: суық хабарды естіген соң, көңілі жүдеп;екі құлағы шыңылдап, көзім қарауытқандай; 4) субъект фреймі: мен/ дәрігер; 6) уақыт фреймі: үдетпелі

-ып сал аналитикалық форманты сөйлеу жағдаятындағы коммуниканттар арасындағы қарым-қатынасты, адресат пен адресанттың арасында толық түсіністік болмаған жағдайды, бірінің екіншісіне немқұрайлы көзқарасын жеткізіп тұр. Тілдік материалдар -ып сал аналитикалық формантының әрекеттің үдетпелі өту сипатын, әрекет иесінің немқұрайлы көзқарасын жеткізуі мүмкін. Оны анықтайтын – дискурстағы коммуниканттар арасындағы қарым –қатынас сипаты: әрекеттің адресат күткендей дамымауы, оның қарсы тараптан қолдау таппауы.

8) Әбден ызаланған Есім Жолымбетті ұстауға бұйырды. Жендеттер

Тұяқтың орнына енді Жолымбеттің өзін зынданға апарып салды. Сол күні

түнде «Жолымбет дарға асылсын » деген хан үкімі жарияланған-ды. (І.Есенберлин).

Фреймдік-семантикалық талдау: 1) орын фреймі: зындан;2) әрекет фреймі – апару; 3) себеп фреймі: ызалану; 4) субъект фреймі: жендеттер ; 6) уақыт фреймі: жылдам аяқталу.

Бұйрық берушінің ызалануы (қалыптасқан жағдаймен келіспеуі) қарсы әрекетін тудырды. Адресаттың қарсылық сезімі әрекетті жылдам орындауды керек етті. Сол арқылы өз ұстанымын нығайтқысы келді. -ып/ а сал аналитикалық форманты дискурста коммуниканттар арасындағы қайшылықтан, түсінбестіктен туған ішкі сезімдерін жеткізу үшін жиі

қолданылады. Әрекеттің жылдам күтпеген жағдайда жүзеге асуын *кенет, бірден, дереу, сол сәтте, қатты, шұғыл, шалт, тез, амалсыздан, еркісіз, адейі* лексикалық бірліктері нақтылайды.

-ып біт аналитикалық форманты

-ып біт аналитикалық форманты әрекеттің нәтижесін, аяқталғанын жеткізеді. Алматы тіл корпусында 400-ге жуық тілдік қолданыстарда кездесті. Етістіктің барлық лексика-семантикалық топтарымен тіркеседі.

9) *Оларға ұлт емес, ұлағат емес, ордалы тұғыр, қордалы байлық қана керек еді. Бар мақсаты оңынан түсті, ойына келгенін жасады, ойрандап бітті. Дәл сондай таным, сондай пизғылдағы, бірақ билікке иектемей, байлыққа ілінбей қалған пақырлар не істеуі керек (І.Есенберлин).*

Фреймдік-семантикалық талдау: 1) орын фреймі нақты берілмейді;

2) әрекет фреймі: ойына келгенін жасады, ойрандап бітті; әрекет қарқынды түрде орындалған - ойрандап етістігінің лексикалық мағынасындағы үдетпелік семасы нақтылайды, әрекет бір рет орын алып, аяқталған 3) себеп фреймі: қордалы байлық қана керек; 4) субъект фреймі: олар, ұлт, пақыр;

б) уақыт фреймі: нәтижелі, аяқталған.

10) *Әншейінде жер жылыса жылымайтын маңғаз адам, маң төбеттей маңқылдап, өз үйішінің де, осы есіктен әлі де тізгін үзді кете алмай шырғалап жүрген малышы- малышыларының да жарғақ құлағын жастыққа тигізбей есін шығарып бітті (О. Бөкей).*

Фреймдік -семантикалық талдау: 1) орын фреймі: үй іші; 2) әрекет фреймі: есін шығарып бітті; қимыл қарқынды, шектен тыс әсерлі орындалған –маң төбеттей маңқылдап; 3) себеп фреймі: қорқыту; 4) субъект фреймі: маңғаз адам; 6) уақыт фреймі: құлағын жастыққа тигізбей (қайталанатын әрекет).

-ып біт аналитикалық форманты қимылдың шегіне жеткенін, аяқталғанын білдіреді. Әрекет иесінің эмоционалды қалпы, сезімі қабаттасып беріледі. Аспектуалділік мағынасын нақтылайтын көмекші сөздер: *түпкілікті, ақыры, мүлдем.*

Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі концептісін когнитивті-дискурстық талдау аналитикалық форманттардың қолданысы адамның шынайы болмысты қабылдаушы таным үдерісінің концептуалды құрылымына, бағалаушы дүниетаным құндылықтарына тәуелді екенін анықтады. Соған қарай аналитикалық форманттар бір-бірін қайталамайды, семантикалық жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Фрейм түрлеріне қарай аналитикалық форманттардың қызметі өзгеріп отырады. Бір формант түрлері әрекеттің өту ренктерін бейнелі жеткізеді.

Кесте 1. Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігінің фреймдік–семантикалық, дискурстық сипаты

формант	негізгі мағынасы	қосымша реңктері	дискурстық қызметі	жетекші когнитивті фрейм
-ып таста	әрекеттің толық аяқталғанын білдіреді	сөйлеушінің әреетті бағалауы, эмоциясы	экспрессивтілікті күйшетеді сөйлеушінің әрекетке қатынасын жеткізеді	әрекеттің жылдам аяқталуы (үдетпелік фреймі)
-ып сал	әрекеттің орындалғанын білдіреді	әрекеттің кездейсоқ жасалуы	субъектінің бейқамдық, абайсыздық сезімін жеткізеді	күтпеген әрекет фреймі (себеп фреймі)
-ып біт	әрекеттің тез, қысқа уақытта жүзеге асуы	белсенділік, дер кезінде орындау	қимылдың нәтижелілігі	нәтижелі әрекет (нәтиже фреймі)
-ып қал	күтілмеген әрекеттің кенеттен орындалуы	жағымсыз, тосын әсер	тосын қабылдау	кенеттен орын алған әрекет (қарқындылық фреймі)

-ып таста, -ып сал аналитикалық форманттары әрекет иесі-субъектінің белсенді, импульсивті, жылдам өткен әрекетін жеткізеді. Субъект — эмоциясы күшті, ниеті айқын әрекет иесі. Сонымен байланысты аяқталу аспектуалділігі семантикасы үдетпелік, қарқындылық реңкпен күрделенеді.

Ал -ып қал, -ып сал аналитикалық форманттары еріктен тыс, сыртқы күштердің ықпалымен орын алған әрекеттерді жеткізеді. Аяқталу аспектуалділігіне кенеттік реңк тән. Әрекет кеңістікте орын алған сөйлеу жағдаятын дамытатын шарттарға тәуелді болғандықтан, орын фреймі қосымша қызмет атқарады.

Әрекетті орындауда адамның эмоционалды қалпы өзгеріп отырады. Эмоционалды қалып әрекеттің өту сипатына, жылдамдығына, күшіне әсер етеді. Аналитикалық форманттар сөйлеу жағдаятында орын алған осындай өзгерістерді дәл бейнелейді. Аяқталу аспектуалділігі дискурсында ақпаратты жеткізуші субъект әрекет иесі, орындаушы, бақылаушы рөлінде болуы мүмкін. Соған қарай аяқталу аспектуалділігі субъектінің әрекетті бағалау, интерпретациялауына байланысты әртүрлі семантикалық реңктермен күрделенеді.

Кесте 2. Дискурс компоненттері мен аяқталу аспектуалділігі семантикасының байланысы

Дискурс компоненттері	сипаты	Қысқаша сипаттама
Әрекет	Қалып, қозғалыс, әрекет	аналитикалық форманттар созылмалы, үдетпелі, қайталамалы, дүркіндік, күтілмеген әрекет сипатын береді. Қимылдың қарқынының қалпының танымдағы нормадан төмендеу, нормадан ауытқуы сөйлеу жағдаятымен .онда орын алған уәждемелермен байланысты
Субъект	Қатысушы, орындаушы, бақылаушы	Аспектуальділік реңкі субъектінің әрекетті орындаушы,сырттан бақылаушы, әрекетке басқалармен бірге қатысушы қызметіне қарай өзгереді.
Уақыт	дамуы, аяқталуы	Аяқталу аспектуалділігі шектеулі уақытты камтиды.
Субъектінің бағасы	Жағымды, жағымсыз, бейтарап	Аспектуалділік субъектінің негізгі әрекетке беретін бағасын, ниетін,көзқарасын анықтайды.
Сөйлеу мақсаты	қарсылық, нақтылау, түсіндіру	Сөйлеу мақсатына /ниетке байланысты аспектуалдық реңк өзгереді.
орын	орын қатысы әлсіз, маңызды,	Орын фреймі сөйлем мазмұнында маңызды емес не әлсіз көрсеткіш ретінде көрінеді.Аспектуалділікте процестің динамикасы маңызды..
себеп	қозғаушы күш, қарсылық	әрекеттің өту сипатын өзгертеді: күшейтеді, әлсіретеді, бағытын өзгретеді, жаңа реңкпен күрделендіреді

Аспектуалділік — сөйлеушінің қимылды дискурста уақыт, субъект, процесс, бағалау және коммуникативтік мақсат тұрғысынан құрылымдауының нәтижесі. Ол дискурс компоненттерімен тығыз байланыста қалыптасып, сөйлеушінің әрекетке беретін бағасы, эмоциясы мен ниетіне тәуелді прагматикалық реңктерді тудырады. Аспектуалділік етістіктің лексика-семантикалық мағынасына тікелей байланысты емес; ол сөйлеу жағдаяты, субъектінің қатысуы, уақыт шектеуі, күтпегендік немесе үдетпелік сияқты дискурстық шарттар негізінде айқындалады.

Қорытынды

Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі — кеңістік пен уақытта орын алатын әрекеттің өту сипаты мен әрекет иесі-орындаушының процеске қатынасын танымда концептуализациялаудың тілдік бейнесі. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

1.Әрекеттің өту сипаты аспектуалділікті жеткізетін етістіктің аналитикалық форманттары— процесті, оның өтуіндегі ұсақ қозғалыстарды, динамикадағы өзгерістерді, кезең-кезендік дамуын сипаттауға арналған тілдік бірліктер.

2. -ып таста, -ып сал, -ып қал,-ып біт аналитикалық форманттары әрекеттің аяқталу кезеңіндегі қарқыны, үдетпелігі, нәтижелілігі, күшеюі сияқты реңктерді жеткізеді.

3.Аспектуалділіктің мағыналық реңктерін анықтайтын — дискурс, оны құраушы компоненттер: субъектінің шынайы болмысты қабылдауы мен таным әрекеттері, тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы қарым-қатынас сипаты, сөйлеу мақсаты, сөйлеу жағдаятын қалыптастырған пресуппозициялар.

4.Тілдік материалдарға жасалған талдау әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі уақыттың шектеулілігін ғана емес, әрекет иесі субъектінің ішкі эмоциялық қалпына, атап айтқанда, әрекеттің аяқталуымен байланысты тууы мүмкін өкініш, қуаныш, немқұрайлылық сезімдерінің реңктерімен күрделенетінін анықтады.

5. Субъектінің шынайы өмірді қабылдауы мен бағалауы ұлттық дүниетаным қалыптастырған құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Қазақ халқының көшпелі өмір салты қоршаған әлемді үнемі қозғалыс пен үздіксіз өзгеріс кеңістігі ретінде тануға негіз болды. Біз бұл дүниетаным әрекет пен процестің динамикасын, сондай-ақ өзгеріс сипатын дәл жеткізетін тілдік бірліктердің қалыптасуына ықпал етті деп санаймыз.

6. Қозғалыстың өзін жеке атамай, оның өту сипатын жеткізу көшпенді халықтың бейнелі ойлау моделімен де байланысты қалыптасуы мүмкін. Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі қазақ тілінде процесті, құбылысты қозғалыста, динамикада бейнелі жеткізеді.

7.Әрекеттің нәтижелі немесе нәтижесіздігі әрекеттің аяқталуын бағалайтын өлшем болып табылады. Нәтижеге жету әрекеттің аяқталғанын білдіреді. Сөйлеуші-субъект нәтижені танымда қалыптасқан концептілермен салыстырып, нормаға сай, нормадан төмен немесе нормадан жоғары екенін бағалайды. Осыған байланысты аспектуалділік семантикасы субъект санасындағы танымдық және эмоциялық үдерістермен тығыз тәуелділікте қалыптасады.

8.Әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі — тілдің әмбебап категориясы. Ол барлық стильге тән. Дегенмен, тілдік материалдар әрекеттің аяқталу аспектуалділігінің көркем әдебиет стилінде жиі қолданылатынын байқатты. Себебі көркем шығармада оқиғаның дамуын, кейіпкердің эмоциясының өзгерісін дәл беру үшін жиі қолданылады.

Қорыта айтқанда қазақ тіліне тән әрекеттің аяқталуы аспектуалділігі — когнитивті негізде қалыптасатын, субъектінің эмоционалды қалпын, әрекеттің уақыт бойындағы өту жылдамдығын, үдетпелігін, қарқынын, уақыт шегіндегі өту сипатын, нәтижелілігін және қайталануын жеткізетін коммуникативті-функционалды, прагматикалық реңкі айқын категория.

Аспектуалділік категориясын болашақта салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі, қазақ тілін оқыту әдістемесі, түркі тілдерінің салыстырмалы аспектологиясы, цифрлық лингвистика бағытында зерттеп дамыту керек.

ӘДЕБИЕТ

[1] Дүйсембекова Л.К. Аспектүалдылықтың түркі тілдерінде зерттелуі // Қаз ҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – №4. – Б. 15-17. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/302>

[2] Бибекөв Қ. Т. Қимылдың өту сипаты категориясының түркітануда зерттелуі/ҰҒА хабаршысы, Филология сериясы. – 2006. – №1. – Б. 46-51. http://nblib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/f_2006_1/К.Т.Вибекөв..._F_2006_1.pdf

[3] Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 488 б.

[4] Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 388 б.

[5] Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков: Опыт сопоставит.исслед.. – Алма-Ата, 1989.– 106 с.

[6] Жолшаева М. Қазақ тілі:функционалды грамматика. – Алматы, 2016. – 137 б.

[7] Жолшаева М.Түркітанымдағы етістіктің аналитикалық формаларының аспектүалді семантик жасаудағы рөлі //Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршысы, Педагогика ғылымдары сериясы. – 2013. – №1(37). – Б.33-39.

[8] Comrie B. Aspect: an introduction to the study of verbal aspect and related problems / B. Comrie. – Cambridge: Cambridge University Press, 1976. – 142 p. https://www.academia.edu/31615613/Comrie_Aspect_pdf

[9] Grisot C. Grammatical aspect, lexical aspect and coreference patterns in the inference of temporal relations // Journal of Pragmatics. – 2021. – Vol. 184.– Pp. 122-139. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.08.007>

[10] Almakrob A. Y.L2 acquisition of tense-aspect morphology: a scientometric study // Cogent arts& amp; Humanies. – 12 (1.) DOI: <https://doi.org/10.1080/23311983.2025.2567506>

[11] Лэнекер Р. Концептуальная семантика и символическая грамматика // Вопросы когнитивной лингвистики. – Тамбов, 2006. – № 3. – С. 15-27. DOI: 10.25264/2519-2558-2019-5(73)-165-169.

[12] Кубрякова Е. С. Язык и знание: на пути получения знаний о языке: части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – Москва: Институт языкознания РАН, 2004. – С. 232–252.

[13] Болдырев Н. Н. Фреймовая семантика как метод когнитивного анализа языковых единиц // Моделирование процессов функциональной категоризации глагола. – Тамбов, 2000. – С. 163-171.

[14] Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 23. – Москва, 1988. – 320 с.

[15] Ерназарова З. Ш., Ерназарова Г.Ш. «Деп» көмекші етістікті синтаксистік құрылымдарды когнитивті-семантикалық талдау // Абылай хан ат. ҚазХҚжӨТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2025. – № 1 (76). – Б. 94-109. – DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.007>

REFERENCES

- [1] Dūisembekova L.K. Aspektualdylyqtyñ türkı tilderinde zerttelu [Research on Aspectuality in Turkic Languages] // Qaz ŪU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2013. – №4. – B. 15-17. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/302> [in Kaz.]
- [2] Bibekov Q. T. Qimyldyñ ötu sipaty kategoriasynyñ türkitanuda zerttelu [The Study of the Category of Actional Aspect in Turkic Studies] // ŪĞA habarşysy, Filologia seriasy. – 2006. – №1. – B. 46-51. http://nblib.library.kz/elib/library.kz/Jurnal/f_2006_1/K.T.Bibekov..._F_2006_1. [in Kaz.]
- [3] Mamanov Y. Qazaq til biliminiñ мәseleleri [Issues of Kazakh Linguistics]. – Almaty, 2007. – 488 b. [in Kaz.]
- [4] Oralbaeva N. Qazırgı qazaq tiliniñ morfologiasy [Morphology of the Modern Kazakh Language]. – Almaty, 2007. – 388 b. [in Kaz.]
- [5] Ahmetjanova Z.K. Funkcionälno-semanticheskie polä ruskogo i kazahskogo iazykov : (Opyt sopostavit.issled.) [Functional-Semantic Fields of the Russian and Kazakh Languages: A Comparative Study]. – Alma-Ata, 1989. – 106 s. [in Rus.]
- [6] Jolşaeva M. Qazaq tılı:funkcionaldy gramatika [Kazakh Language: Functional Grammar]. – Almaty, 2016. – 137 b. [in Kaz.]
- [7] Jolşaeva M. Türkıtanymdağy etistiktiñ analitikalyq formalarynyñ aspektualdı semantik jasaudağy röli [The Role of Analytical Verb Forms in the Formation of Aspectual Semantics in Turkic Studies] // Abai atyndağy QazŪPU Habarşysy, Pedagogika ğylymdary seriasy. – 2013. – №1(37). – B.33-39. [in Kaz.]
- [8] Comrie B. Aspect: an introduction to the study of verbal aspect and related problems / B. Comrie. – Cambridge: Cambridge University Press, 1976. – 142 p. https://www.academia.edu/31615613/Comrie_Aspect_pdf_b.
- [9] Grisot C. Grammatical aspect, lexical aspect and coreference patterns in the inference of temporal relations // Journal of Pragmatics. – 2021. – Vol. 184. – Pp. 122-139. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.08.007>
- [10] Almakrob A. Y. L2 acquisition of tense-aspect morphology: a scientometric study // Cogent arts & Humanities. – 12 (1.) DOI: <https://doi.org/10.1080/23311983.2025.2567506>
- [11] Leneker R. Konseptualnaia semantika i simvolicheskaia gramatika [Conceptual Semantics and Symbolic Grammar] // Voprosy kognitivnoi lingvistiki. – 2006. – №3. – S. 15-27. DOI: 10.25264/2519-2558-2019-5(73)-165-169. [in Rus.]
- [12] Kubräkova E. S. İazyk i znanie: Na puti poluchenia znani o iazyke: Chasti rechi s kognitivnoi tochki zrenia. Röl iazyka v poznanii mira [Language and Knowledge: On the Path to Acquiring Knowledge about Language. Parts of Speech from a Cognitive Perspective. The Role of Language in Understanding the World]. – Moskva, 2004. – S. 232-252. [in Rus.]
- [13] Boldyrev N.N. Freimovaia semantika kak metod kognitivnogo analiza iazykovykh edinis [Frame Semantics as a Method of Cognitive Analysis of Linguistic

Units] // Modelirovanie prosesov funkcionälnoi kategorizatsii glagola. – Tambov, 2000. – S. 163-171. [in Rus.]

[14] Fillmor Ch. Freimiy i semantika ponimania [Frames and the Semantics of Understanding] // Novoe v zarubejnoi lingvistike. Vyp. 23. – Moskva, 1988. – 320 s. [in Rus.]

[15] Ernazarova Z. Ş., Ernazarova G.Ş. «Dep» kömekşi etistikti sintaksistik qūrylymdardy kognitivti–semantikalyq taldau [A Cognitive-Semantic Analysis of Syntactic Constructions with the Auxiliary Verb “Dep”] // Abylai han at. QazHQjÄTU Habarşysy. Filologia ğylymdary seriasy. – 2025. – № 1 (76). – B. 94-109. – DOI: 0.48371/PHILS.2025.1.76.007 [in Kaz.]

КОГНИТИВНО-ДИСКУРСИВНЫЙ АНАЛИЗ КАТЕГОРИИ АСПЕКТУАЛЬНОСТИ ЗАВЕРШЕННОСТИ ДЕЙСТВИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

* Ерназарова З. Ш.¹, Ерназарова Г. Ш.²

*¹Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

²Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
Кызылорда, Казахстан

Аннотация. В статье проводится когнитивно-дискурсивный анализ функций аналитических формантов **-ып таста, -ып қал, -ып сал, -ып біт**, выражающих завершённость действия в казахском языке. Категория аспектуальности завершённости рассматривается как сложный концепт, который системно реализуется во взаимосвязи с познавательной деятельностью говорящего, коммуникативной ситуацией и её языковой репрезентацией в дискурсе.

Цель исследования — выявить семантические особенности аналитических формантов, репрезентирующих концепт аспектуальности завершённости действия. В задачи исследования входит анализ научных теорий, описывающих категорию аспектуальности в казахском языке, а также классификация семантических различий аналитических формантов, отражающих завершённость действия, на основе когнитивно-дискурсивного анализа. В исследовании применены фреймно-семантический и дискурсивный анализ, описательный метод и компонентный анализ.

Научно-практическая значимость исследования заключается в развитии когнитивной грамматики в казахском языкознании и в обогащении лингводидактики преподавания казахского языка новыми языковыми данными. Функционирование аналитических формантов рассматривается в рамках синтаксической целостности, а концептуальная структура аспектуальности завершённости классифицируется по таким фреймам, как субъект, действие, время, место, причина, психологическое состояние,

цель и динамика события. Для каждого аналитического форманта проведён фреймно-семантический и дискурсивный анализ языкового употребления.

Основные результаты и выводы исследования заключаются в том, что дискурс является определяющим фактором, обуславливающим различные проявления аспектуальности завершённости. Результаты исследования показывают, что причинно-следственные связи между событиями, эмоционально-психологическое состояние субъекта, его оценка, а также темп развития события являются значимыми факторами, определяющими выбор форманта и его семантические характеристики. Фреймному анализу подвергнута семантическая структура таких аспектуальных оттенков, как завершённость, прерывание, внезапная реализация и незавершённость действия.

Ценность исследования состоит в том, что когнитивно-дискурсивный анализ позволяет глубже раскрыть сложную концептуальную природу аспектуальности завершённости в казахском языке, а также её дискурсивные и когнитивные основания. Практическая значимость исследования заключается в расширении сложившихся представлений о категории аспектуальности в казахском языкознании с функционально-семантической и когнитивно-прагматической точек зрения. Применение метода когнитивно-дискурсивного анализа способствует обогащению теоретической методологии казахского языкознания.

Ключевые слова: аспектуальность завершённости действия, когнитивно-дискурсивный анализ, аналитический формант, фреймово-семантический анализ, фрейм интенсификации, фрейм результата, фрейм причины, фрейм мотивации

COGNITIVE-DISCURSE ANALYSIS OF THE CATEGORY OF ACTION COMPLETION ASPECTUALITY IN THE KAZAKH LANGUAGE

* Ernazarova Z. Sh. ¹, Ernazarova G. Sh. ²

¹Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages Almaty, Kazakhstan

²Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

Abstract. This article provides a cognitive-discursive analysis of the functions of the analytical formants **-yp tasta**, **-yp qal**, **-yp sal**, **-yp bit**, which express the completion of an action in the Kazakh language. The category of completive aspectuality is considered as a complex concept that is systematically realized through the speaker's cognitive activity, the communicative situation, and the linguistic representation of that situation in discourse.

The aim of the study is to identify the semantic features of analytical formants that convey the concept of completive aspectuality. The research objectives

include analyzing scientific theories describing the category of aspectuality in the Kazakh language and classifying the semantic distinctions of analytical formants expressing action completion on the basis of cognitive-discursive analysis.

The study employs frame-semantic analysis, discourse analysis, descriptive methods, and componential analysis. The scientific and practical significance of the research lies in the development of cognitive grammar in Kazakh linguistics and in enriching the linguodidactics of teaching the Kazakh language with new linguistic data. The functions of analytical formants are examined within syntactic integrity, and the conceptual structure of completive aspectuality is classified into frames such as subject, action, time, place, cause, psychological state, goal, and event dynamics. Each analytical formant is analyzed through frame-semantic and discourse-based approaches.

The main results and conclusions of the study demonstrate that discourse is the key factor determining the various manifestations of completive aspectuality. The findings indicate that causal relationships between events, the subject's emotional and psychological state, evaluative stance, and the pace of event development are significant factors shaping the choice of formant and its semantic characteristics. A frame-based analysis is conducted on the semantic structure of aspectual nuances such as completion, interruption, sudden realization, and incomplete action.

The value of the study lies in the fact that cognitive-discursive analysis makes it possible to reveal more deeply the complex conceptual nature of completive aspectuality in the Kazakh language, as well as its discursive and cognitive foundations. The practical significance of the research consists in expanding the established understanding of the category of aspectuality in Kazakh linguistics from functional-semantic and cognitive-pragmatic perspectives. The application of cognitive-discursive analysis contributes to the enrichment of the theoretical methodology of Kazakh linguistics.

Keywords: aspectuality of action completion, cognitive-discursive analysis, analytical formant, frame-semantic analysis, intensification frame, result frame, cause frame, motivation frame

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 02.02.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Ерназарова Зәуреш Шаршабековна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-3251-9718>, e-mail: ernazarova07@mail.ru

Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбековна – филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>, e-mail: guliya-09@mail.ru

Информация об авторах:

Ерназарова Зауреш Шаршабековна – доктор филологических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-3251-9718>, e-mail: ernazarova07@mail.ru

Ерназарова Гультаршын Шаршыбековна – кандидат филологических наук, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>, e-mail: guliya-09@mail.ru

Information about the authors:

Yernazarova Zauresh Sharshabekovna – Doctor of Philology, Professor, Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3251-9718>, e-mail: ernazarova07@mail.ru

Yernazarova Gulbarshyn Sharshibekovna – Candidate of Philological Sciences, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4516-3415>, e-mail: guliya-09@mail.ru